

Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 4 «ә» сынып оқушыларына  
2021-2022 оқу жылындағы жүргізілген тәрбие жұмыстарының  
талдауы

2021-2022 оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай жыл бойына жұмыстар жүргізілді. Оқу жылында сыныпта 26 оқушы: ұл 11, қыз-15 оқушы санымен бастадым. Оқу үздіктер саны-9 оқушы, оқу екпінділері -8 оқушы. Оқу жылының қыркүйек айында сынып белсенділерін сайлау, сынып бұрышын жасау, сыныптың әлеуметтік картасын дайындау, оқушылардың үйірмелерге тарту жұмыстары жүргізілді. Сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын мектеп талабына сай кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, сенбілік жұмыстарын жүргізуде жасаған жұмыстарын жоғары деңгейде өте жақсы деп бағалауға болады. Сынып оқушылары әр түрлі сынып сағаттары мен мектепшілік түрлі іс-шараларға белсенді қатысып отырды. Оқушылардың бойына рухани ұлттық құндылықтарды дарытып, ұлт болашағының жарқын болуына жанашырлықпен қарауға ықпал ету. Сонымен қатар бала бойында өз тіліне, дініне деген үлкен құрметпен қарауға үйрету. Оқушыларды күнделікті өмірде жеке бас қауіпсіздігін сақтауды, көшеде, жолда жүру ережелерімен таныстырып, жолда дұрыс жүруде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Наурыз айында 8-наурыз халықаралық аналар күніне орай сыныпта «Аналар асыл жандар» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. 22-Наурыз. «Ұлыстың ұлы мерекесі-Өз Наурыз» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Мамыр айында: 7- мамыр Отан қорғаушылар күні, 9-мамыр Жеңіс күніне орай тәрбие сағаты өткізілді. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша «XXI-ғасыр көшбасшысы» атты тақырыпта сабақ, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша тәрбие сағаты топтық жұмыс өткіздім. Сыныпта әлеуметтік жағынан қорғалатын оқушыларға көңіл бөліп отырдым. Әлеуметтік мәрьбесін айғақтайтын құжаттар жинақталып, арнайы папка жасалынды. Сынып оқушылары мектепшілік іс-шараларға қатысуда белсенділік көрсетіп отырады. Ата-аналар жиналысы 5 рет өткізілді. Жиналыс барысында ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау, тақырыптық баяндама, тоқсандық қорытынды және алдағы міндеттер туралы мәселелер қозғалды. Жоғарыда аталған жұмыстарды саралай келе сынып оқушыларының бойына өз еңбегімен қатар өзгенің де еңбегін қадірлеуге, өз ойын еркін айту сияқты қасиеттердің қалыптасуына, жеке тұлға ретінде қоғамның бір мүшесі екенін ұғындыра білдім деп айта аламын.

Сынып жетекшісі:



Сражина Н.К